

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті 8D02310 - «Филология» мамандығы PhD докторанты Батырбекова Камшат Айшигаровнаның «Мәмлүк қыпшақтары тіліндегі «Байтарату'л-Вазих» жазба ескерткіші тілінің лексика-семантикалық ерекшеліктері» атты философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясының қолжазбасына

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/с №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап оту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертациялық жұмыс тақырыбы Мәмлүк қыпшақтарының тілін зерттеуге арналғандықтан, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық бағдарламасының негізгі идеясына, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, «Халық тарих толқынында» – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 953 қаулысында көрсетілген негізгі бағытқа сәйкес келеді.

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыстың түркітану ғылымы, соның ішінде қазақ тілінің тарихы үшін ғылыми маңыздылығы бар. Алдымен, Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған ортағасырлық «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші туралы қазақ ғылымында алғаш рет кешенді зерттелген. Ескерткіштегі тілдік деректердің фонетикалық, лексикалық құрамы қазіргі қазақ тілінің қағидалары бойынша талданып, негізгі ерекшеліктері салыстырыла сипатталған. Диссертацияда жылқы атаулары мен оны емдеу жолдарына қатысты мол танымдық деректер берілгендіктен, жұмыстың лингвокогнитивтік маңыздылығын да ерекше атап көрсетеміз. Диссертациялық зерттеудің ғылымға қосқан үлесі мамлук қыпшақтары тілінде жазылған ескерткішті қазақ ғылымына қайта таныстыруы, ондағы жылқыға қатысты, зоонимдік, фитонимдік және жаратылыс құбылыстарына қатысты тарихи танымдық мәні бар деректерді жүйелеп, тарихи салыстырмалы бағытта кешенді зерделеуі деп танымыз. Диссертациялық жұмыс қазақ ғылымына елеулі үлес қосады, әрі ғылыми маңыздылығы жоғары.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмысты автордың өзі жазғандығы жазу стилі мен ойдың тиянақтылығынан, деректерді талдауынан, соған сәйкес нақты міндеттер бойынша ғылыми тұжырымдар жасай алуынан аңғарылады. Автор өзі зерттеп отырған Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған ортағасырлық «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішін терең меңгерген. Диссертант түпнұсқамен танысқан және қазіргі қазақ тіліндегі көне түркі, орта түркі жазба

			ескерткіштері туралы жазылған ғылыми зерттеулердегі тұжырымдарды терең меңгерген. Сондықтан диссертациялық жұмыстың мазмұнында автордың өзіндік қолтаңбасы анық көрінеді. Өзі жазу деңгейін жоғары деп бағалаймыз
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың ішкі бірлігі айқын. Үш тараудан тұратын ғылыми зерттеудің бірінші тарауында ескерткіштің зерттелуі мен алеографиялық-кодикологиялық ерекшеліктері, фонетикалық және лексикалық сипаты талданса, екінші тарауы жазба ескерткіш тіліндегі кірме сөздердің сипаты және ескерткіштің теолингвистикалық кеңістігін, жылқы атаулары мен ветеринариялық лексиканың тілдік эволюциясы мен мәдени негізін саралауға арналған. Үшінші тарауында қолжазбадағы жылқы соматикасының лексика-семантикалық репрезентациясы мен зоонимдік, фитонимдік және жаратылыс құбылыстарына қатысты лексиканың тарихи-семантикалық дамуы зерделенген. Яғни зерттеу жұмысы «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінің фоно-сема-лексикалық сипатын салыстырмалы, тарихи, семантикалық бағытта зерттеген. Сондықтан диссертацияның ішкі бірлігі терең негізделген. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі анық. Зерттеуде қазақ тіл ғылымында алғаш рет «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішіне кешенді ғылыми талдау жасалған. Ізденуші «Зерттеу нәтижелері мәмлүк дәуіріндегі қыпшақ тілінің тек қарым-қатынас құралы ғана емес,

		ғылыми және мәдени ақпарат тасымалдаушы ретінде жоғары деңгейде қолданылғанын көрсетеді» деуі арқылы [26-бет] ұстазының ұстазы профессор Ә. Құрышжанұлынан басталған қыпшақ тілінің халықаралық тіл болған деген идеясын ғылыми тұрғыдан дәлелдей түскен.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация тақырыбы - «Мәмлүк қыпшақтары тіліндегі «Байтарату'л-Вазих» жазба ескерткіші тілінің лексика-семантикалық ерекшеліктері». Зерттеудің үш тарауы да осы ескерткіште кездесетін тілдік бірліктердің тілдік және танымдық мәнін анықтауға құрылған. Диссертация мазмұны зерттеудің мақсаты мен міндетіне сәйкес құрылып, жүйелі әрі кешенді талдау жасалған. Диссертация мазмұны зерттеудің тақырыбын толық айқындайды.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың мақсаты Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған ортағасырлық «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінің тілдік ерекшеліктерін жан-жақты талдау арқылы мәмлүк-қыпшақ тілімен қазақ тілінің тарихи-генетикалық сабақтастығын көрсетуге арналған. Осы мақсатқа сай 6 міндет қойылған. Міндеттің әрбірі «Байтарату'л-Вазих» жазба ескерткішінің лингвистикалық қырын анықтауға, танымдық мәнін саралауға, қазақ тілімен сабақтастығын көрсетуге, тілдегі лексикалық қордың даму үдерісін айқындау үшін нақты деректерді талдауға арналған. Зерттеудің мақсаты мен

		міндеті диссертация тақырыбынан өрбиді, толық сәйкес келеді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толықтай өзара байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық тараулары мен тараушалары «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінің фонетикалық және лексика-семантикалық сипаты мен ерекшелігін талдауға арналғандықтан, логикалық түрде бір-бірімен толық өзара байланысады және ғылыми мәселелер бірінен-бірі өрбіп, дамытылып отырады. Алдымен қолжазбадағы фонетикалық құбылыстардың тарихи-компаративтік сипаты айқындалып, қазіргі қазақ тілімен лексикалық сабақтастығы талданады. Ескерткіштегі кірме сөздердің сипаты мен теолінгвистикалық кеңістігі зерделеніп, жылқы атаулары мен ветеринариялық лексика зерделенеді. Қолжазбадағы жылқы малына катысты атаулардың лексика-семантикалық сипаты қазіргі ғылыми теориялар негізінде жүйелі қарастырылады. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдерінің құрылысы логикалық тұрғыдан жымдасқан, байланысы айқын.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген;	Байтарату'л-вазих» қолжазбасы туралы зерттеу жазған түрік ғалымы Й.Экман және ескерткіштің тіліндегі медициналық терминдерді зерттеген А.Бодрогилетти, Жан Өзгүр ескерткіш материалдары негізінде 1994 жылы «Байтарату'л-вазих-тың қыпшақша және түрікменше жазбалары бойынша қыпшақ тілінің түркменшеге

		3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	айналуы (оғыздануы)» атты докторлық диссертация қорғаған. Ескерткішті қазақ тілінің маңызды дереккөзі [26-бет] ретінде қарастырған Кәмшат Батырбекова ұсынған ғылыми тұжырымдардың әрбірі ғылыми тұрғыдан жаңа. Автор ұсынған жаңа ғылыми тұжырымдар мен шешімдер дәлелді; теориялық тұрғыдан – айқын; тілдік деректері – нақты; бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырғанда сыни көзқараспен ой қорытындыланған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қорғауға шығарылған диссертациялық зерттеудің қағидаттары толығымен жаңа. Диссертация жұмысында 8 ғылыми нәтиже көрсетілген. Бірінші рет зерттеліп отырған тақырып болғандықтан, диссертацияның барлық нәтижелерін толығымен жаңа деп бағалаймыз. 1) «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішінің жанрлық, палеографиялық және кодикологиялық ерекшеліктері алғаш рет анықталған; 2) ескерткіш тілінің фонетикалық жүйесі сараланып, дыбыстық заңдылықтар мен эволюциялық өзгерістер айқындалған; 3) ескерткіштің лексикасы қазіргі қазақ тілімен салыстырмалы-типологиялық тұрғыдан талданған; 4) мәтіндегі араб-парсы және моңғол тілдерінен енген кірме сөздер анықталған; 5) мәмлүк-қыпшақ кезеңінің арабизмдері мен қазіргі қазақ тіліндегі арабизмдердің нақты дәйектері берілген;

			6) мәмлүк-қыпшақ кезеңінің ветеринариялық және атбегілік кәсіби лексика алғаш рет «Байтарату'л-вазих» мәтіні негізінде кешенді зерттеліп, түркі, араб тіліндегі баламалары көрсетілген; 7) ескерткіштегі жылқыға қатысты соматикалық бірліктер мен олардың лексика-семантикалық өрісі жан-жақты талданып, олардың тарихи даму жолы мен қазіргі қазақ тіліндегі көрінісі сипатталған; 8) адам өмірі, тұрмыс-тіршілік және әлеуметтік қатынастарға қатысты лексикалық бірліктер этно-мәдени және тарихи аспектілер бойынша жүйеленіп, мәмлүк-қыпшақ қоғамының мәдени-әлеуметтік болмысы тілдік деректер арқылы ашылған..
	5.2	Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа.
	5.3	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа;</u>	Технологиялық шешімдер толығымен жаңа және негізделген, бұл халықаралық конференцияларда жасалған баяндамалар және ғылыми мақалалардың жарияланғаны арқылы расталады.

		2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелермен негізделген. 1. «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші – мәмлүк қыпшақ дәуіріндегі өмірлік тәжірибе мен моральдық-этикалық нормаларға негізделген ғибраттық-дидактикалық шығарма ретінде танылған; 2. Ескерткішке палеографиялық және кодикологиялық тұрғыдан баға берілген; 3. Қолжазбадағы сөзтұлғалар фонетикалық заңдылықтар тарихи-компаративтік әдіспен талданып, қазіргі қазақ тілі деректерімен салыстырылған; 4. Лексика-семантикалық сараптама нәтижесінде, сөздердің 65%-ы тұлғасы мен мағынасын сақтағаны; 25%-ы фонетикалық өзгеріске ұшырағаны, бірақ мағынасы сақталғаны; 10%-ы конерген немесе түсініксіз екені нақты деректермен қорытындыланған; 5. Қолжазбада кездесетін кірме сөздер талданып, оның пайыздық мөлшері анықталған. Әр сөзге жеке ғылыми талдау жасалған; 6. Мәмлүк дәуіріндегі кәсіби лексика (атбегілік, ветеринария саласы) ортағасырлық ескерткіштері «Китаб фи риязати-л-хайл», «Китаб фи ғылым

			ән-нушшаб», «Муният ул-гузат», т.б.) қолданылған терминдердің фонетикалық және семантикалық құрылымы қазіргі қазақ тіліндегі жылқы шаруашылығына қатысты кәсіби сөздермен тығыз байланысты болғаны анықталған; 7. Ескерткіштегі жылқыға қатысты атаулар мен терминдер тарихи-мәдени сабақтастықта дамып, қазіргі қазақ тілінде де мағынасы сақталып отырғаны нақты деректермен дәлелденген; 9. Ескерткіш тіліндегі соматикалық атаулар мен мақал-мәтелдердің қолданысы талданып, танымдық сипаты когнитивтік аспектіде сараланған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма?	Қорғауға шығарылған қағидаттар: 1 қорғалатын қағидат бойынша жауаптар: 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 иә 7.4 кең 7.5 иә 2 қорғалатын қағидат бойынша жауаптар: 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 иә 7.4 кең 7.5 иә

		1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Әдістеменің таңдауы негізделген. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, лексика-семантикалық, типологиялық, дескриптивті, контекстуалдық, когнитивтік, тарихи-компаративті талдау әдістері пайдаланылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді оңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:

		өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	1) иә
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.
		Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер қолданыстағы және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталады. Ізденуші 180 сенімді әдебиетке сілтеме жасаған.
		Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға толық жеткілікті деп санаймыз
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.

		нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Тәжірибеге арналған ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u>; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазудың сапасы жоғары, диссертацияны ресімдеу талаптарға сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		1. Пайдаланған тәсілдердің ішінде дискурсивтік талдау әдісінің жазылуы артық деп санаймыз. Өйткені бұл жазба ескерткіш, сондықтан, дискурстық бағытқа қатысы аз [9-бет]. 2. Диссертацияның 28-бетінде дауысты дыбыстың қатарында у (и) дыбысы көрсетілмеген, талданбайды. Алайда и дыбыс ретінде жіңішке, қысаң дауысты дыбыстардың ішіне енгізілгені түсініксіз. Сондай-ақ, и (у) езулік дауыстылардың қатарында тұрғаны түсініксіз. 3. Ортағасырлық «Байтарату'л-вазих» ескерткішінің лексика-семантикалық сипатын қарастыру барысында мәдени-танымдық мазмұнын тереңірек ашу үшін,

			мысалдарды сөйлеммен беру нақты ғылыми дерек ретінде диссертация мазмұнын аша түсер еді, әрі ғылыми, практикалық құндылығын арттырған болар еді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертант зерттеу тақырыбы бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынған журналдарда 5 мақала жариялаған: 1. Мәмлүк қыпшақтары тілінде жазылған жазба ескерткіштер және «Байтарату’л-вазих» қолжазбасының маңызы. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. № 4 (149) Түркістан, 2024 ж. Б.45-60. 2. «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішінде кездесетін соматикалық атаулардың лексика-семантикалық сипаты Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы, ғылыми журнал. №2 Астана, 2025 ж. Б.296-309 3. Ортағасырлық жазба ескерткішіндегі атбегілікке қатысты тілдік бірліктердің лингвомәдени ерекшеліктері («Байтарату’л-вазих» және Кодекс Куманикус жазба ескерткіштері негізінде) Қ.А.Ясауи атындағы университетінің Хабаршысы ғылыми журнал. №2 (134). Түркістан, 2025ж. Б.190-206.

			4. «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіш тіліндегі жалпытүркілік лексиканың қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы. Ш.Уәлиханов ат. Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы №2/ 2025 5. «Қазақ есімдерінің тарихи және заманауи қолданысы: әлеуметтік-мәдени факторлар және статистикалық өзгерістер» Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы, №3/ 2025. Әр мақала зерттеу жұмысының тақырыбына толық сәйкес келеді, ғылыми деңгейі жоғары, өзектілігі бар, ғылыми нәтижелері нақты деп бағалаймыз. Диссертант халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда 2 баяндама жасалған. Екі баяндамада да «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінің тіліне қатысты мәселелер қамтылған: 1. Ортағасырлардағы атбегілікке байланысты жазылған «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші. «Әуезов оқулары – 23: Хакім Абайдың-180 жылдығына арналған Абай феномені және жаңа танымдық өрістер» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференциясының еңбектері. Том – 1, Шымкент, 2025 ж. Б.40-45. 2. Ортағасырлық «Байтарату'л-вазих» мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткішіндегі діни сөздердің қазіргі қазақ тілінде қолданылуы. “Turkiy xalqlar adabiyotiga doir zamonaviy yondashuvlar: muammolar, omillar.
--	--	--	---

			yechimlar" mavzusidagi xalqaro ilmiy-amaliy konferensiya materiallari. Toshkent-2025ж., Б.26-28.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Қорытынды: 8D02310 - «Филология» мамандығы бойынша Батырбекова Камшат Айшигаровнаның «Мәмлүк қыпшақтары тіліндегі «Байтарату'л-Вазих» жазба ескерткіші тілінің лексика-семантикалық ерекшеліктері» тақырыбы бойынша ұсынылған диссертациялық жұмысы диссертацияға қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келетіндігін негізге ала отырып, диссертант Батырбекова Камшат Айшигаровнаға философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге лайықты деп санаймыз.

Ресми рецензент:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

А. Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры

Филология ғылымдарының докторы



А.Б. САЛҚЫНБАЙ

